

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
Б.БЕЙСЕНОВ атындағы ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасы**

**«Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы»**

**пәні бойынша**

**ДӘРІС МАТЕРИАЛДАРЫ**

**Тақырыбы:**

**«Жер қойнауын пайдаланудың және қорғаудың құқықтық режимі»**

2016 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_кафедра мәжілісінде талқыланып,  
мақұлданды. №\_\_\_\_ хаттама.

**Дайындаған: Ахашов А.Г.**

**Қарағанды 2016**

## **Жоспар:**

### **Кіріспе**

- 1. Жер қойнауы құқықтық қорғау объектісі ретінде.**
- 2. Жер қойнауын пайдалану құқығының ұғымы мен түрлері.**

### **Қорытынды**

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

## Кіріспе

Құрметті курсанттар, жер қойнауын пайдаланудың және қорғаудың құқықтық режимі Қазақстан Республикасының табиғатын және оның құрамдас бөлігі болып табылатын жер қойнауын пайдалану жатады. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін заңдық жауапкершіліктің бастамасы экологиялық заңдардың талабын бұзушылық болып саналады. Экологиялық заңдарын бұзу-белгіленген экологиялық тәртіпті бұзатын және табиғи ортаға және оның ресурстарына зиян келтіретін заңға қайшы келетін кінәлі субъектінің әрекет немесе әрекетсіздігі. Экологиялық тәртіп-адамның өз өмірі мен денсаулығы үшін табиғи ортаның қолайлы болуына құқығын қамтамасыз етудің, қазіргі және болашақ ұрпақтың мүдделері үшін қоршаған ортаны қорғаудың адам қызметінің осы ортаға зиянды ықпал жасауына жол бермеудің, табиғи тепе-теңдіктің сақтау мен табиғатты ұтымды пайдаланудың ережелері мен негізгі түпкі бағдарламаларының жүйесі. Табиғи ортаға және оның ресурстарына зиян келтіру дегеніміз экологиялық тәртіпті бұзу салдарынан табиғатқа, табиғи ресурстарға, адамның денсаулығы мен өміріне келген немесе келуі мүмкін болатын экологиялық қауіптің салдары. Экологиялық тәртіпті бұзу мен табиғи ортаға және табиғат ресурстарын және адам денсаулығы мен өміріне зиян келтіру тығыз байланысты. Себебі экологиялық тәртіп бұзылған жағдайда, оның табиғатқа, табиғи ресурстарға, адам денсаулығы мен өміріне кері әсері болады.

Оның бірінші түрі: табиғи техногендік және төтенше табиғи оқиғалардан экологиялық жағдайдың нашарлануы мүмкін. бір адамның және қоғамның экологиялық қызметінде олардың алдын-ала зиян әсерлерін болдырмау, жеңілдету шараларын қолдану міндеті қойылған жағдайларда және антропогендік әсерлердің пайда болуы заңдық жауапкершілік туғызады. соған орай алдын алу шараларын қолданбаған кінәлі адамдардың жауапкершілікке тартылуы заңның талабынан туындайды.

Екінші түрі: табиғатқа, табиғи ресурстарға экологиялық мониторингі жүргізу талаптары, табиғи ресурстарды пайдалану кезінде талаптарды, жобалауға қойылатын экологиялық және өзге де талаптар мен нормативтердің орындалмауы салдарынан экологиялық тәртіп бұзылып, табиғатқа, табиғи ресурстарға, адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.

Сондықтан табиғатқа және табиғи ресурстарға келетін теріс әсерлердің салдарына табиғи қорлардың сарқылуы, бұзылуы, табиғаттан алынатын табыстардың азаюы немесе болмай қалуы табиғатты қалпына келтіру шығындары, атмосфералық ауаның табиғи ортаның адам өмірі мен денсаулығына қолайлы болмай зиян келуі жатады. Экологиялық заңдық жауапкершіліктің түрлеріне тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық, материалдық (азаматтық) және экологиялық салалық ерекше жауапкершіліктері жатады. олардың сипаттамасы, мазмұны төменде қаралады.

## 1. Жер қойнауы құқықтық қорғау объектісі ретінде.

Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңына сәйкес, жер қойнауы - топырақ қабатынан төмен орналасқан не пайдалы қазбалары жер бетіне шығып жатқан, ал топырақ қабаты жоқ болса - жер бетінен және теңіздердің, көлдердің, өзендердің және басқа да су айдындарының түбінен төмен орналасқан, ғылыми–техникалық прогресті ескере отырып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге болатын тереңдікке дейін созылып жатқан жер қыртысының бөлігі.

Жер қойнауының жер бетінің негізі ретіндегі экологиялық және бұдан өзге де экономикалық, санитарлы – сауықтыру, эстетикалық функциялары бар.

Жер қойнауының өзіне тән ерекшеліктері бар, яғни олар:

1. Пайдалы қазбалардың болуы;
2. Орналасу тұрақтылығы;
3. Кеңістіктік шектеулілігі.

Пайдалы қазба – химиялық құрамы мен физикалық қасиеті оларды материалдық өндіру және (немесе) тұтыну саласында және (немесе) өзге мұқтаждықтарға тікелей немесе өңдеуден кейін пайдалануға мүмкіндік беретін жер қойнауындағы табиғи минералдық түзілім, көмірсутектер және жерасты сулары.

Пайдалы қазбаларды экономикалық маңызына сай, шартты түрде 2-ге бөліп қарастырамыз: кең таралған пайдалы қазбалар және кең таралмаған пайдалы қазбалар.

ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» заңының 1-бабының 48-тармағында анықталғандай, кең таралған пайдалы қазбалар - табиғи күйінде немесе сәл өңделіп және тазартылып, негізінен жергілікті шаруашылық мұқтаждарын қанағаттандыру үшін пайдаланылатын құм, саз, қиыршық тас және басқа да пайдалы қазбалар. Кең таралмаған пайдалы қазбалар-металдар, мұнай, газ және т.б.

Пайдалы қазбаларды физикалық жағдайларына байланысты сұйық, қатты және газ тәріздес деп бөліп көрсетеді. Пайдалы қазбаларды баланстық қорлар және баланстан тыс қорлар деп те бөлуге болады.

Жер қойнауының жеке бір бөлігін түзетін «минералдық шикізат» деген түсінік бар, яғни ол - жер қойнауының жер үстіне шығарылған, құрамында пайдалы қазбалар бар бөлігі (тау-кен жынысы, кен шикізаты және басқалар).

ҚР 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституциясының 6 – бабының 3 – тармағына сәйкес, жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» заңының 5-бабында атап көрсетілгендей, жер қойнауына және жер қойнауын

пайдалануға байланысты қатынастарды құқықтық реттеу мынадай принциптерге негізделеді:

- 1) жер қойнауын ұтымды, кешенді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету;
- 2) жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету;
- 3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің жариялылығы;
- 4) жер қойнауын пайдаланудың ақылы болуы.

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану аясындағы мемлекеттік басқаруды, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын органдар – ҚР Үкіметі, жергілікті атқарушы органдар, ҚР энергетика және минералды ресурстар Министрлігінің геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі Комитеті жатқызылатын арнайы құзыреттегі органдар, ҚР ауыл шаруашылығы Министрлігінің Жер ресурстарын басқару Агенттігі (жер асты суларына қатысты). Сонымен қатар функционалды органдар – ҚР төтенше жағдайлар жөніндегі Министрлігі, ҚР индустрия және сауда Министрлігінің өндіріс және ғылыми – техникалық даму Комитеті, ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі Министрлігі.

ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» заңының 16-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) мемлекеттік меншік объектісі ретінде жер қойнауының мемлекеттік қорын басқаруды ұйымдастырады;
- 2) жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оны жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық және тактикалық шараларды әзірлейді;
- 3) пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай ережелерді бекітеді;
- 4) минералдық шикізаттың стратегиялық түрлеріне мемлекет мұқтажын қанағаттандыруға арналған жер қойнауы учаскелері мен кен орындарын айқындайды;
- 5) ұлттық қауіпсіздікті, халықтың қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жер қойнауын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды белгілейді;
- 6) болашақ ұрпақ мүддесінде минералдық шикізат қорларын сақтау үшін жер қойнауы учаскелерін консервациялау тәртібін айқындайды;
- 7) стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелерінің, кен орындарының тізбесін бекітеді;
- 8) кең таралған пайдалы қазбалардың тізбесін айқындайды;
- 9) жер қойнауын пайдалану құқығын беру тәртібін айқындайды;
- 10) кең таралған пайдалы қазбалары бар, конкурса шығарылуға тиісті жер қойнауы учаскелерін қоспағанда, жер қойнауы учаскелерінің тізбесін бекітеді;
- 11) модельдік келісімшарттарды бекітеді;

12) Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қоры жөніндегі мемлекеттік комиссиясы және пайдалы қазбалар қоры жөніндегі өңіраралық комиссиялар туралы ережені бекітеді;

13) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде өзгеше белгіленбесе, кең таралғандарын қоспағанда, пайдалы қазбалардың жекелеген түрлері бойынша жер қойнауын пайдалануға келісімшарттарды жасасу және орындау жөніндегі құзыретті органды айқындайды;

14) республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерінің тізбесін бекітеді және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда оларды шаруашылыққа шектеп пайдаланудың тәртібін белгілейді, сондай-ақ экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды, республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатқызылған жер қойнауы учаскелерінің тізбесін бекітеді;

15) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін бекітеді, т.б.

Құзыретті органның, яғни Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару Агенттігі өкілеттіктеріне:

1) пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі орталық комиссия туралы ережені бекіту және оның құрамын бекіту;

2) кең таралғандарын қоспағанда, пайдалы қазбаларды барлауды, өндіруді, бірлескен барлау мен өндіруді жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурсты дайындау және ұйымдастыру;

3) кең таралғандарын қоспағанда, пайдалы қазбаларды барлауды, өндіруді, бірлескен барлау мен өндіруді жүргізуге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру;

4) жер қойнауын пайдаланушымен, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшартты қоспағанда, барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың талаптары туралы келіссөздер жүргізу;

5) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттық құжаттар жобаларын қоспағанда, барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған жобалау құжаттарына сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында минералдық шикізатты бастапқы өңдеуге (байытуға) жататын жұмыстар тізбесін айқындау бөлігінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жобаларына сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

7) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты ғимараттарын салуға және (немесе) пайдалануға

арналған келісімшарттарды қоспағанда, келісімшарттарды жасасу, мемлекеттік тіркеу және сақтау;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктерге сәйкес, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру және олардың сақталуын қамтамасыз ету;

9) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге және барлаумен және өндіруге байланысты емес жерасты ғимараттарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттардың талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асыру;

10) Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ұсынымдары негізінде иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні сатып алу (сатып алудан бас тарту) туралы шешімдер қабылдау, т.б. жатады.

*Өзге де уәкілетті органдардың функциялары мен міндеттері аталған заңның сәйкес баптарында көрініс тапқан.*

Жер қойнауын қорғау - Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында көзделген, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауының ластануын болғызбауға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайтуға бағытталған іс-шаралар жүйесі.

Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану:

- 1) халықтың денсаулығын және өмірін қорғауға;
- 2) жер қойнауының ресурстарын ұтымды әрі кешенді пайдалануға;
- 3) табиғи ландшафттарды сақтауға және бүлінген жерлерді, өзге де геоморфологиялық құрылымдарды қалпына келтіруге;
- 4) жер сілкінуі, көшкінді, су астында қалуды, топырақтың шөгуін болдырмау мақсатында жер қойнауының үстіңгі бөліктерінің энергетикалық жай-күйін сақтауға;
- 5) су объектілерінің табиғи жағдайын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, технологиялық жүйелерді және басқа да іс-шараларды қамтиды.

ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» заңының 16-бабында көрініс тапқандай, жер қойнауын пайдаланудың барлық сатыларында болжауды, жоспарлауды, жобалауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптар басымдық ретімен сақталуға тиіс.

Жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану мен жер қойнауын қорғау саласындағы талаптар:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін, оның ішінде өндіруге қатысы жоқ мақсаттарға пайдалану үшін берілетін пайдалы қазбалар, кен орындары мен жер қойнауы учаскелері қорының ауқымы мен құрылымын нақтылы бағалау үшін жер қойнауын ілгерілей геологиялық зерттеудің толымдылығын қамтамасыз ету;

2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің барлық сатыларында жер қойнауы ресурстарын ұтымды әрі кешенді пайдалануды қамтамасыз ету;

3) бай учаскелерді таңдап өндіруге жол бермей пайдалы қазбаларды жер қойнауынан бөліп алудың толымдылығын қамтамасыз ету;

4) кен орнын игеру кезінде сыртқа шығарылатын және жер қойнауында айналыстан шыққан негізгі және онымен бір жерде жатқан пайдалы қазбалар қорларын және қосалқы компоненттерді, оның ішінде минералдық шикізатты өңдеу өнімдері мен өндіріс қалдықтарын дұрыс есепке алу;

5) бастапқы өңдеу деректері бойынша мемлекеттік баланста есепте тұрған пайдалы қазбалар қорларын түзетуді жою, т.б.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтарда қабылданған Экологиялық кодексінің 32- тарауы «Жер қойнауын пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар» деген аталады, мұнда талаптар жан-жақты әрі кешенді қамтылған.

Жер қойнауын қорғау талаптары орындалмаған жағдайда қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық, материалдық және тәртіптік жауапкершіліктер туындайды.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 284 – бабы «Қазақстан Республикасының құрылықтық шельфі туралы және Қазақстан Республикасының айрықша экономикалық аймағы туралы заңдардың бұзылуы» және 286-бабы «Жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерін бұзу» деген атау алып, қылмыстық жауапкершіліктер тағайындалған.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 259,260,261,262,263,264,265,267,268,269,270,271,272,273,274,275 - баптарында жер қойнауын пайдалану аясындағы әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғатын әкімшілік құқықбұзушылықтар реті берілген.



## 2. Жер қойнауын пайдалану құқығының ұғымы мен түрлері.

ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» заңы 1-бабының 22-тармағына сәйкес, жер қойнауын пайдалану құқығы – жер қойнауын пайдаланушының аталған заңға сәйкес сатып алған жер қойнауын иелену және пайдалану құқығы.

Жер қойнауын пайдалану құқығының объектісі – жер қойнауының бір бөлігі, яғни жер қойнауы - топырақ қабатынан төмен орналасқан не пайдалы қазбалары жер бетіне шығып жатқан, ал топырақ қабаты жоқ болса - жер бетінен және теңіздердің, көлдердің, өзендердің және басқа да су айдындарының түбінен төмен орналасқан, ғылыми–техникалық прогресті ескере отырып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге болатын тереңдікке дейін созылып жатқан жер қыртысының бөлігі.

Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер – жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы, сондай-ақ егер осы заңды тұлғаның негізгі қызметі Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдаланумен байланысты болса, осындай жер қойнауын пайдаланушы қабылдайтын шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындау және (немесе) шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар заңды тұлғадағы қатысу үлестері (акциялар пакеттері).

Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерге сондай-ақ акцияларға меншік құқығын растайтын не жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаның, сондай-ақ егер осы заңды тұлғаның негізгі қызметі Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдаланумен байланысты болса, осындай жер қойнауын пайдаланушы қабылдайтын шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындау және (немесе) шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар заңды тұлғаның акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар да жатады.

Жер қойнауын пайдалану құқығының субъектілері: 1. Қазақстандық және шетелдік жеке және заңды тұлғалар жер қойнауын пайдалану құқығының субъектілері болуы мүмкін; 2. Кең таралған пайдалы қазбаларды және жерасты суларын өз мұқтажы үшін өндіруді жүзеге асыратын тұлғаларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушылар кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылуға тиіс; 3. Бір келісімшарт бойынша бірнеше тұлға жер қойнауын пайдалану құқығының субъектілері болуы мүмкін. Мұндай тұлғалар жер қойнауын пайдалану құқығының бірлескен иелері болып табылады және келісімшарт негізінде туындайтын міндеттемелер бойынша ортақ жауапкершілікте болады.

ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» заңының 75 – бабында жер қойнауын пайдаланушының құқықтары берілген, яғни:

1) келісімшартта көзделген талаптарға сәйкес өзіне берілген келісімшарттық аумақ шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі іс-әрекетті дербес жасауға;

2) егер келісімшартта не Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, өз қызметінің нәтижелерін, оның ішінде минералдық шикізатты өз қалауынша пайдалануға;

3) келісімшарттық аумақта, ал қажет болған жағдайда жер қойнауын пайдаланушыға белгіленген тәртіппен берілген өзге де жер учаскелерінде жұмыстарды жүзеге асыру үшін қажетті өндірістік және әлеуметтік сала объектілерін салуға, сондай-ақ шарттар негізінде келісімшарттық аумақта да, одан тысқары жерлерде де жалпыға ортақ объектілер мен коммуникацияларды пайдалануға;

4) келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы келіссөздерге бастамашылық жасауға;

5) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге байланысты жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау үшін мердігерлерді тартуға;

6) аталған заңда белгіленген талаптарды сақтай отырып, құқықтарды немесе олардың бір бөлігін басқа тұлғаларға беруге;

7) аталған заңда немесе келісімшартта айқындалған жағдайларда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтатуға құқығы бар.

Сонымен қатар жер қойнауын пайдаланушы:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды келісімшартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға қойылатын талаптарды сақтауға;

2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде адам өмірінің, денсаулығының және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

3) келісімшарттық аумақты тек қана келісімшартта көзделген мақсаттарда пайдалануға;

4) жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесіне негізделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға;

5) егер келісімшартта өзге мерзім көзделмесе, келісімшарт тіркелген күннен бастап барлауды немесе өндіруді жүргізуге кірісуге;

6) жерасты сулары мен кең таралған пайдалы қазбалар жөніндегі келісімшарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы Өндіруші салалар қызметі ашықтығының бастамасын іске асыруға қатысты Өзара түсіністік туралы меморандумның талаптарын сақтауға;

7) персоналдың және халықтың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін, жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған жобалау құжаттары мен технологиялық схемалардың ережелерін сақтауға;

8) егер бұл қауіпсіздіктің ерекше жағдайларымен байланысты болмаса және мұндай қызмет жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге кедергі келтірмесе, келісімшарттық аумақ шегінде басқа адамдардың еркін жүруіне, жалпыға ортақ объектілер мен коммуникацияларды пайдалануына кедергі жасамауға;

9) Қазақстан Республикасында өндірілген жабдықтарды, материалдарды және дайын өнімді, олар конкурстың және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келген жағдайда, міндетті түрде пайдалануға;

10) егер осы көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасының резидент еместері орындайтын біртектес жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің стандарттарына, бағалық және сапалық сипаттамаларына сәйкес келсе, әуе, темір жол, су және басқа да көлік түрлерін пайдалануды қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілерді міндетті түрде тартуға, т.б. міндетті.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде жер қойнауын пайдаланушылардың өзге де міндеттемелері бар, яғни олар аталған Кодекстің 220,221,223 – баптарында көрініс тапқан.

Жер қойнауын пайдалану құқығы:

- 1) беру;
- 2) табыс ету;
- 3) құқық мирасқорлығы тәртібімен ауысу жолымен туындайды.

Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жер қойнауын пайдалану құқығын тұлғаға тікелей мемлекеттің беруін білдіреді.

Жер қойнауын пайдалану құқығын табыс ету жер қойнауын пайдалану құқығын тұлғаға басқа жер қойнауын пайдаланушының беруін білдіреді.

Жер қойнауын пайдалану құқығының құқық мирасқорлығы тәртібімен ауысуы заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезінде және жер қойнауын пайдалану құқығына ие жеке тұлға қайтыс болған кезде құқық мирасқорында жер қойнауын пайдалану құқығының туындауын білдіреді.

Жер қойнауын пайдалану құқығын беру келісімшарт жасасу жолымен жүргізіледі. Барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт конкурс нәтижелерінің негізінде оның жеңімпазымен жасалады.

Конкурс өткізбей-ақ, тікелей келіссөздер негізінде: барлауға арналған келісімшарт негізінде коммерциялық табумен байланысты өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын алуға айрықша құқығы бар тұлғамен өндіру жөніндегі операциялар жүргізуге; барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге; ұлттық компаниямен барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операциялар жүргізуге; қойнауында жерасты сулары бар жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушысы осы учаскеде арнаулы су пайдалану құқығын иеленген жағдайда, онымен халықты ауыз сумен немесе шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін тәулігіне екі

мың текше метрден астам көлемдегі жерасты суларын өндіру жөніндегі операциялар жүргізуге келісімшарттар жасалады.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін келісімшарттардың мынадай түрлері:

- 1) барлауды жүргізу үшін – барлауға арналған келісімшарт;
- 2) өндіруді жүргізу үшін – өндіруге арналған келісімшарт;
- 3) бірлескен барлау мен өндіруді жүргізу үшін – бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт;
- 4) барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды жүргізу және (немесе) пайдалану үшін – барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарт;

5) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді жүргізу үшін - жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшарт (шарт) қолданылады.

Өзіне тиесілі жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иеліктен шығару ниеті бар тұлға құзыретті органға жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді табыс етуге рұқсат беру туралы өтініш жібереді. Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) иеліктен шығарған кезде жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған рұқсат беру туралы өтініш облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына жіберіледі.

Жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаның немесе жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаның қатысушысы (акционері) болып табылатын заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы жағдайында беру актісі не бөлу балансы негізінде жер қойнауын пайдалану құқығының (оның бір бөлігінің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің құқық мирасқорлығы тәртібімен ауысуына заңда белгіленген тәртіппен берілетін құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының рұқсаты негізінде ғана жол беріледі.

Жер қойнауын пайдалану құқығы:

- 1) келісімшарттың қолданылуы тоқтатылған;
- 2) барлаумен немесе өндірумен байланысты емес және радиоактивті қалдықтарды, зиянды заттарды көмуге және сарқынды суларға арналған жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге, сондай-ақ «Жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы» заңға сәйкес өндірістік-техникалық жерасты суларын тәулігіне екі мың текше метр және одан да көп көлемде барлауға немесе өндіруге, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды және гидрокұрылыстарды салу (реконструкциялау) және

жөндеу кезінде жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған рұқсаттың қолданылу мерзімі өткен немесе ол кері қайтарып алынған;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі жер қойнауы учаскесін пайдалануға тыйым салу туралы шешім қабылдаған;

4) жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлға таратылған жағдайларда тоқтатылады.

Жер қойнауын пайдалану құқығын бірнеше белгілері бойынша жіктеуге болады, яғни жер қойнауын пайдалану мақсаты және жер қойнауын пайдалану мерзімі.

Жер қойнауын пайдалану құқығы келесідей операциялардың енгізілуі үшін беріледі:

1. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу - жер қойнауы жай-күйінің мониторингімен, жер қойнауы учаскелерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағының жекелеген бөліктерінің және тұтастай бүкіл аумағының геологиялық құрылымын зерттеумен, оларда пайдалы қазбалардың болу перспективаларын іздеу және іздеу-бағалау жұмыстарын жүргізу арқылы айқындаумен, жер қойнауын пайдаланудың ақпараттық негізін құрайтын мемлекеттік геологиялық карталар жасаумен байланысты жұмыстар (операциялар).

2. Барлау – пайдалы қазбалардың кен орындарын іздеумен және оларды бағалаумен байланысты жұмыстар (операциялар).

3. Өндіру – минералдық шикізатты бастапқы өңдеуді және уақытша сақтауды қоса алғанда, пайдалы қазбаларды жер қойнауынан жер бетіне шығаруға, сондай-ақ техногендік минералдық түзілімдерден алуға байланысты жұмыстардың (операциялардың) барлық кешені.

4. Біріктірілген барлау мен өндіру.

5. Барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану - мұнай мен газды сақтау үшін жерасты немесе топырақ қабатынан төмен тереңдіктегі құрылыстар, тоннельдер, метрополитендер, қорларды жасанды толтыру үшін жер қойнауына жерасты суларын айдауға арналған құрылыстар, қатты, сұйық және радиоактивті қалдықтарды, зиянды улы заттарды көму мен жиып қою және сарқынды әрі өнеркәсіптік суларды жер қойнауына ағызу үшін өңделген қазба қалдықтарының қоймаларын, шөгінді қоймаларын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар.

Жер қойнауын пайдалану құқығы мерзімі бойынша тұрақты және уақытша болып бөлінеді.

Жер қойнауын пайдалану құқығы сонымен қатар иеліктен шығарылатын немесе шығарылмайтын, өтемді немесе өтеусіз болуы мүмкін.

## Қорытынды

Жазылған дәріске қорытынды жасайтын болсақ. Жұмыс жер қойнауын пайдаланудың және қорғаудың құқықтық режимі деген тақырыпта жазылған. Бұл мәселенің мәнін ашуда көптеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалды. Сонымен қатар зерттеудің негізіне қоршаған ортаны қорғау туралы нормативтік құқықтық актілерді бұзғаны үшін жауапкершілікке Қазақстан Республикасының заңдары мен мемлекеттік бағдарламалар, салыстырмалы түрде кейбір шет мемлекеттердің нормативтік актілері кірді. Жазылған дәрістің негізінде мынандай нәтижелер алынды. Қазақстан аумағы жағынан да, тұрғындардың жан басына шаққанда да әлемдегі экологиялық қалдықтармен ең көп ластанған аумақ болып табылады. Дәл бүгіннің өзінде анықталған деректердің өзі адамзаттың өмір сүруін тоқтауға таяған ахуалды көрсетеді. Қазақстан аумағының экологиялық ахуалы әлі толық анықталған жоқ. Қалыптасқан жағдайдың өзін алдын-алу, сауықтыру шаралары жүргізілуде. Қоршаған ортаны экологиялық сауықтыру және қорғау әлемдегі әрбір мемлекеттің және әлемдік қауымдастықтың күрделі мәселесі. Әлемдегі ғылыми-техникасы дамыған ірі, алдыңғы қатарлы мемлекеттер де экологиялық тығырықтан қашып құтыла алмады. Бірақ бұл саладағы қоғамдық қатынастарды экономикалық әлеуетінің басымдығының және дамуы артта қалған елдердің есебінен нақты экологиялық басымдық принциптерді ұстануының нәтижесінде өркениетті түрде құқықтық реттеуге қол жеткізді. Еліміздің бүгінгі және келешектегі күн көрісі - оның халқының денсаулығының, арзан жұмыс күшінің, экологиялық лас өндірістің және келешекте гендік қоры бүлінген жарымжан мүгедек ұлттың қалыптасуы есебінен өтелуі тиіс емес. Қоршаған ортаның экологиялық мәселесін шешудегі маңызды тәсіл болып, қоршаған ортаны экологиялық ластанудан құқықтық қорғау болып табылады. Бұл тәсіл бір-бірімен байланысты басқа да тәсілдермен жүзеге асырылады. Олардың негізі-құқықтық тәсіл.

Қорыта айтқанда, қоршаған ортаның сапасынан халықтың ауыру-сырқауын бағалау проблемасы қатты көрініс беретіні айқын. Халықтың денсаулығының жай-күйін және өмір сүру ұзақтығына әсер ететін факторларды зерттеу өте көкейкесті мәселе. Әрбір қоғамның даму көрсеткіші ондағы азаматтардың құқықтарының қаншалықты дәрежеде қорғалу деңгейімен сипатталады. Соның ішінде экологиялық құқықтардың маңызы зор. Біздің елімізде адам құқықтарына байланысты экологиялық нормативтік актілер қоры жас, ол теориялық және тәжірибелік жағынан едәуір жетілдіруді қажет етеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамыз (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 2 ақпандағы Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).
2. Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, 2007 жылғы 9 қаңтар.
3. Қазақстан Республикасының жер кодексі. 2003 ж. 20 маусым. (2013 ж. 13 маусымға дейін берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
4. «Жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңы (2012 жылғы 22 маусымда берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // ПАРАГРАФ ақпараттық жүйесі. – 2013 ж.
5. «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қарашадағы қаулысы
6. «Жерді сақтап қою ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі қаулысы
7. Д.Л.Байділдинов ҚР экологиялық құқығы. Оқу құралы – Алматы: Қазақстандағы СҚЗҚҚ «Интерлигал» баспа орталығы, 2005 ж.
8. Байдельдинов Д.Л. Экологическое законодательство Республики Казахстан. - Алматы, 1996 ж.
9. Архипов И.Г. Земельное право Республики Казахстан. - Алматы: Борки, 1997 ж.
10. Боголюбов С.А. Экологическое право. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. –М: Норма баспасы, 2000 ж. - 448 б.
11. Бринчук М.М. Экологическое право России (Право окружающей среды). - М.: Юристъ, 1998 ж.
12. Бекишева С.Ж. Экологическое право Республики Казахстан// Қарағанды: Арко-2001 ж.